

**Кімге:** Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі

**Автор:** Ұлытау ауданы «Қарсақпай кенті әкімінің аппараты»ММ Бас маманы: Жабагинов Медет Бейбитович

**Күні:** 09.10.2024ж.

## АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

**Тақырыбы:** Қарсақпай халқын таза ауыз сумен қамту

**Кілт сөздер:** ауыз су, таза су, су қоймасы, ұңғыма.

### Кіріспе

Қарсақпай – тарихи маңызы бар елді мекен, алайда оның тұрғындары әлі күнге дейін таза ауыз суға толық қол жеткізе алмай отыр. Таза ауыз су тапшылығы – Қазақстанның кейбір аймақтарында шешілмеген маңызды әлеуметтік-экологиялық мәселе. Қарсақпайдағы халықты таза сумен қамту тақырыбы аймақтың тұрақты дамуында және денсаулық сақтау саласында үлкен маңызға ие. Таза суға қолжетімділік мәселесі экономикалық, экологиялық, және әлеуметтік аспектілерді қамтып, халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді.

Зерттеу мақсаты: Қарсақпай халқын таза ауыз сумен қамтамасыз етуге арналған іс-шараларды жан-жақты зерттеу және осы мәселені шешуге бағытталған ұсыныстар жасау. Бұл мақсатты жүзеге асыру арқылы тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға, денсаулық мәселелерін азайтуға, сондай-ақ экологиялық тұрақтылыққа қол жеткізуге ықпал ету көзделеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес және Жезқазған қаласына облыс орталығы мәртебесі берілгенін ескерсек, сумен үздіксіз қамтамасыз ету мәселесін шешу бірінші кезектегі міндет болып саналады. 2023 жылы Қарсақпай кентін сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін «Шотыбас», «Жосалы» және т.б. су ұңғымаларына (скважина) гидрогеологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Мәселені толық шешу үшін «Шотыбас», «Жосалы» ұңғымаларынан су тартқышын құру жолымен жерасты сумен жабдықтау көздеріне көшу 2022 жылы 2026 жылғы аралығы жоспарлануда. Осыған байланысты Қарсақпай кенті су тартқышты кешенді құру бойынша жобалау-сметалық құжаттамасын әзірленуде. Жоба 4 кезең бойынша жүзеге асырылады.

I кезең: гидрогеологиялық зерттеу;

II кезең: жобалық смета құжаттарын әзірлеу;

III кезең: құрылыс жұмыстары;

IV кезең: Жобаны аяқтау, халықты ауыз сумен қамтамасыз ету.


## Негізгі бөлім:

### 1. Қарсақпай кентін ауыз су мәселесі.

Қарсақпай кентінің тұрғындары таза ауыз суға зәру. Себебі құбырдың 70% пайыздан астамы әбден шіріп тозған. Қарсақпай қоймасынан алынатын тіршілік нәрі су тазарту құрылымында қанша тазартылғанымен, құбыр бойымен үйді-үйге жеткенше ішуге жарамай қалады.

Бірінші суретте көрсетілгендей, Қарсақпай су қоймасы – Қарсақпай кентінің 0,5 км жоғары жартасында орналасқан. Қарсақпай су қоймасына Қумола мен Бәреке өзендері құяды. Бұл – Қарсақпай кентінің тіршілігінің негізгі нәрі. Ауыл тұрғындары ауыз судың 100%-дан астамы осы ашық су қоймасынан алынады. Қарсақпай су қоймасы 1927 жылы салынған. 1939-1940 жылдары үш рет қайтадан жұмыстар жүргізіліп, үш есеге артты. Су қоймасының көлемі 50 млн м<sup>3</sup>, ұзындығы шамамен 2км, орташа ені шамамен - 300м, орташа тереңдігі - 4,5-5,0 м, ең жоғарғысы -11.0 м 492.1, ал сыйымдылығы- 2412725 м<sup>3</sup>. Бүгінгі күні су қоймасы «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС меншігінде[1].

1- Сурет - Қарсақпай су қоймасы




Қарсақпай су қоймасы ауыл халқының тіршілігінің негізгі нәрі болып келеді. Бүгінде кент тұрғындары тұтынатын ауыз судың 100%-дан астамы осы ашық су қоймасынан, алынады. Ауыз су гидротехникалық цех (водосооружение) арқылы залалсыздандырып, тазаланып берілсе де жағалаулары талапқа сай қорғалмаған ашық қойма суының сапасына жұртшылық күмәнмен қарайды. Толықтай жерасты суымен қамтамасыз ету мәселесі ұзақ жылдан бері айтылғанмен, шешілмей келеді.

Қарсақпай су қоймасы гидротехникалық нысан бойынша өзендегі жер бөгеті, сегменттік қақпалары бар су тасқыны, тұрмыстық және ауыз суды қабылдау бойынша жүзеге асырылады. Тұрмыстық ауыз суды қабылдауға вакуумды сорғы станциясы құрылған (2-сурет), ол екі насоспен (6-НВД электроқозғалтқышы 75 кВт және 4К-8 электроқозғалтқышы 50кВт) жұмыс істейді. Барлау жүргізілген кезеңде су қабылдағыш қанағаттанарлықсыз жағдайда болды: металл құбырлары қатты коррозияға ұшыраған, құбырлардың тірек бөліктері

деформацияланған. Сорғы станциясының ғимараты ұзақ жылдар бойы үздіксіз жұмыс істеу мерзімін ескере отырып сараптамадан өткізу қажет[1].

2 – сурет - Тұрмыстық ауыз суды қабылдауға вакуумды сорғы станциясы



сурет - 2023 жылы кентімізге су тазарту қондырғысы орнатылды.

3 –



## 2. Қарсақпай халқын таза ауыз сумен қамту үшін, қазіргі жағдайда жасалып жатқан жұмыстар.

Қарсақпай халқын таза сумен қамту мақсаттында, «Қарсақпай кенті әкімінің аппараты» ММ-сі 2022-2026 жылдарға арналған кешенді жоспары аясында республикалық бюджеттен жалпы сомасы 5-6 млрд теңгені құрайтын шығыстар көзделген. Құрылыстың бірінші кезеңі бойынша мемлекеттік сараптамадан өту қажет. 2025 жылдың қазан айына дейін Қарсақпай кентінің 18 км су құбырын жүргізе отырып, қуаты 50 м3/сағ ұңғыма салу жоспарлануда. 2023 жылы кентімізде геологиялық зерттеу жүргізіліп, 10 су ұңғымасын анықтады. Биылғы жылы жобалық смета құжаттары дайындалуда:

Тереңдігі 60 м

Қуаты 50 м3/сағ 1 сорғы станциясы

Құбырдың диаметрі 100 мм

Ұзындығы 18 км

380 квт үшін 10 000 трансформаторлық қосалқы станция

1300 адам тәулігіне 280 м3


Ұлытау облысы бойынша халықты сапалы ауыз сумен 0,4% - ға ұлғайту және қамтамасыз ету (бүгінгі күні 91,1%).

### **Қорытынды:**

Қорытындылай келе, сапалы ауыз судың болмауы, кент-аудандағы ашық су қоймасынан ауыз суды тұтынатын жалғыз елді мекен болғандықтан су ұңғымасын салу 100% таза ауыз сумен қамтамасыз етіледі.

### **Ұсыныс:**

4 – сурет – болашақ су ұңғымасының көрінісі



Су ұңғымасын салу - ұңғыма суында зиянды қоспалар аз, атап айтқанда хлорды дезинфекциялау қолданылмайды. Ұңғыма суларында, әсіресе артезиан суларында денсаулыққа пайдалы минералдар көп. Жақсы жабдықталған ұңғымаға жыл сайын техникалық қызмет көрсету аса қажет етпейді. Мерзімді профилактика ұңғыманың кем дегенде екі, тіпті үш онжылдыққа созылуы үшін жеткілікті, ол маусымдық температураның өзгеруінен қорықпайды[2].

### **Пайдаланылған дереккөздер тізімі:**

1. Қарсақпай металлургия зауыты мұрағаты
2. Қарсақпай кент әкімінің аппараты ММ-ң даму жоспары